

Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 16 шілде N 908

Қарағанды көмір бассейнінің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру және олардың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген заң тәртібімен:

"Қарағандышахтакөмір" мемлекеттік кәсіпорнының кәсіпорындары базасында жабық үлгідегі акционерлік қоғам құрсын /1 қосымша/; өткізу актісінде кәсіпорынның несие берушілері мен борышкерлеріне қатысты барлық міндеттемелері бойынша акционерлік қоғамның құқықтық мұрагерлігі көзделсін.

"Долинская, "Шерубай-Нұра" шахталары оларды жабу жөніндегі жұмысты жүргізу үшін "Қарағандаликвидшахт" мамандырылған кәсіпорнына берілсін.

2. Құрылатын акционерлік қоғам дәрменсіз борышкер деп танылсын және оны сырттай басқару үшін И.И. Любимовпен контрактіге қол қоюға Банк Басқармасы Төрағасына сенім білдіре отырып Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі арқылы оңалту рәсімдері жүргізілсін.

3. 2-қосымшаға сәйкес қарыздар құрылымын бағалау және талдау, олардың өтеу тетігі мен мерзімдерін белгілеу жөніндегі комиссияның құрамы бекітілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: акционерлік қоғамның салық төлеу мерзімдерін ұзарту /заңды тұлғалардан алынатын табыс салығы мен Зейнет қорына төленетін төлемдерден басқа/, айыппұл шараларын қолданбау мәселелерін салық заңдарына сәйкес шешсін; аталған акционерлік қоғам үшін 652,8 млн. /алты жүз елу екі миллион сегіз жүз мың / теңгені 1996 жылдың 18 шілдесіне дейін Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне қайтарымсыз негізде бөлсін.<*>

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен келісілген, акционерлік қоғам бойынша бірінші кезектегі қайта ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру үшін алынған қаражаттарды 1996 жылдың 20 шілдесіне дейін жіберсін.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақтың 3-ші абзацына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.10.11. N 1253 қаулысымен .

5. Акционерлік қоғам 1996 жылдың екінші жарты жылына арналған жұмыстардың

бағдарламасын 1996 жылдың 10 тамызына дейін Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің бекітуіне берсін.

6. "Қарағандаликвидшахт" мамандырылған кәсіпорны 1996 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жою жұмыстарын жүргізу бағдарламасын тапсырсын.<*>

ЕСКЕРТУ. Қаулы жаңа 6-тармақпен толықтырылды, 6-тармақ 7-тармақ болып саналды - ҚРҰ-нің 1996.07.24. N 926a қаулысымен .

7. Осы қаулының орындалуына және акционерлік қоғам жұмыстарын үйлестіруге бақылау жасау Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрі В.В.Храпуновқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің

орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 16 шілдедегі

N 908 қаулысына

1-қосымша

Жабық үлгідегі акционерлік қоғам болып қайта құрылатын және қаржыландыруға жататын мемлекеттік кәсіпорындардың

ТІЗБЕСІ

"Киров" шахтасы

Горбачев атындағы шахта

Октябрь Революциясының 50 жылдығы атындағы шахта

Байжанов атындағы шахта

"Сабырхан" байыту фабрикасы

ЕСКЕРТУ. Қосымшадан сөздер алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1996.07.24. N 926a қаулысымен .

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 16 шілдедегі

N 908 қаулысына

2-қосымша

Қарыздар құрылымын бағалау және талдау, оларды өтеу тетігі мен мерзімдерін белгілеу жөніндегі комиссияның

ҚҰРАМЫ

- Розе В.Е. - Меммүлікті басқару жөніндегі Қарағанды аумақтық комитетінің төрағасы, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы<*>
- Қынатов М.П. - Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, төрағаның орынбасары<*>
- Клякин В.В. - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрінің орынбасары, төраға орынбасары
- Комиссия мүшелері:**
- Әбдуәлиева Т.В. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Экономика, кәсіпорындарды санациялау және нарықтық қатынастар бас басқармасының бастығы
- Әбиев Б.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының бөлім бастығы
- Жарылғапов Н. - Қарағанды облысы бойынша кеден басқармасының бастығы
- Мұсәлімов И.Ғ. - Қарағанды облысы әкімінің бірінші орынбасары
- Нәсенов А.Б. - Қазақстан Экспорт-импорт банкі басқармасы төрағасының орынбасары
- Нүкенов Б. - Қарағанды облыстық салық инспекциясының бастығы
- Рясков Е.Я. - Қазақстан Республикасы Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің көмір және атом өнеркәсібі жөніндегі басқармасының бастығы

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгерістер енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.01.14.

N 57 қаулысымен .